

Қазақстан Республикасының аумағы арқылы Қырғыз Республикасынан Ресей Федерациясына арнайы мүліктің транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 9 қазан N 1506

"Қару-жаракқа, әскери техникаға және екіұдай мақсаттағы өнімге экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Z960009_ Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнім транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 P991143 _ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қырғыз Республикасынан Ресей Федерациясына Қырғыз Республикасының аумағында орналасқан Ресей Федерациясының Қарулы Күштері 87366 әскери бөлімі арнайы мүлкінің, қосымшаға сәйкес номенклатура бойынша және санда, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі белгіленген

тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы арнайы мүлкі бар автоколоннаның өтуін бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы арнайы мүліктің транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Энергетика, индустрия және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2000 жылғы 9 қазандағы
N 1506 қаулысына
қосымша

Ресей Федерациясының Қарулы Күштері 87366 әскери

бөлімі арнайы мүлкінің номенклатурасы мен саны

 Автоколоннаның ! Автомашинаның! Берілетін арнайы !Өлшем! Саны
 қозғалыс ! маркасы, ! мүлкінің номенклатурасы ! бір.!
 бағыты ! әскери ! және атауы !лігі !
 ! нөмірі,№ ! ! !
 ! шасси N ! ! !

 1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5

N 1-бағыт: Камаз-54112 2534 бұйым - 8 жәшік: дана 80
 Қарақол әскери NN№1 жәшік, NN №№
 (Қырғыз нөмірі 73-04ГК 55586, 55546, 55639, 55694,
 Республикасы) шасси 55641, 55744, 14/120, 14/170.
 Георгиевка-Шу- NN№78862; NN№2 жәшік, NN
 Балқаш-Қарағанды Камаз-5410 55266, 55499, 55308, 55342,
 Астана-Қостанай әскери 55193, 55433, 55419, 55262,
 Комсомольский нөмірі 73-05РЛ 55289, 55215, 55273, 55250.
 кеден постысы шасси NN№3 жәшік, NN №№
 (Қазақстан №N 125604; 55568, 55550, 55531, 55670,
 Республикасы)- 55673, 55693, 55611, 55618.
 Троицк-Санкт- NN№4 жәшік, NN №№
 Петербург 5517, 55511, 55595, 55566,
 (Ресей 55545, 55654, 55627, 55665,
 Федерациясы) 55629, 55608, 55709, 55756.
 және кері NN№5 жәшік, NN №№
 қарай 84212, 84127, 84020, 84169,
 84143, 84034, 84137, 84024,
 84006, 84091, 84009, 84153.
 NN№6 жәшік, NN №№
 551306, 551342, 551331,
 41240, 41207, 41443, 41218,
 41306.
 NN№7 жәшік, NN №№
 411519, 411560, 411620,
 411693, 411476, 411398,
 411548, 411719, 411645,
 411518, 411603, 411423.

NN№8 жәшік, NN №№
55923, 55643, 55917,
55803, 55874, 55866,
551000, 55851.

Кері қайтары.	Сол	Техникалық мақсаттағы
латын жүк	автокөлік	жүк, жүкқұжаттарға,
жоғарыда		нарядтар мен қамтамасыз
көрсетілген		ету ведомстарына
бағытпен		сәйкес, сондай-ақ
жүргізіледі		ағымдық жабдықтылым
		(автомобильдік,
		техникалық, шкиперлік,
		штурмандық, сүңгуірлік,
		торпедалық) нарядтарға
		сәйкес жүреді.
		Жүктер режимдік, улы,
		есірткі, радиоактивтік
		заттар құрамында жоқ.

N 2 бағыт:	Камаз-5410	M 5 - бұйымдары	дана	5
Қарақол	әскери	контейнерлерде.		
(Қырғыз	нөмірі 74-17ГК	Ағымдық жабдықтау		
Республикасы)-	шасси	мүліктері (медициналық,		
Георгиевка-	N 140460;	заттай, өртке қарсы, ЖЖМ,		
Кеген-	№КрАЗ-250 б/н	КЭУ қызметі, жүзу құрал.		
Талдықорған-	шасси	дарына қосалқы бөлшектер		
Аягөз-Семей	NN№МО0697287	мен двигательдер)		
(Қазақстан	КрАЗ-250 б/н	нарядтарға сәйкес.		
Республикасы)-	шасси	Жүктер режимдік, улы,		
Рубцовск-Барнаул	N L0671613	есірткі, радиоактивтік		
Новосибирск—	КрАЗ-250	заттар құрамында жоқ.		
Канск (Ресей	мемлекеттік			
Федерациясы)	нөмірі			
	80-35			
	ИКЛ			
	шасси NN№45324.			

Жүктің жалпы салмағы 100 тонна. Жүктің N1 және N2 бағыттар бойынша

жүру кезеңі 2000 жылғы 15 қарашаға дейін.

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК